

**"Пайдалы қазбаларды барлау бойынша операцияларды жүргізу үшін "Gold Mining Corp ." жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут орнату туралы" Алтай қаласы әкімінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай қаласы әкімінің 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 қаңтарда № 6709 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 – бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 – бабына сәйкес Алтай қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін "Gold Mining Corp." жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут орнату туралы" Алтай қаласы әкімінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6201 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 21 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 – тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Алтай қаласында – "Зырян қорғасын комбинаты" АҚ ескі қалдық қойманың аумағында орналасқан (есептік квартал 05-082-010) 05-082-030-003, 05-082-010-029 – кадастр нөмірлерімен жер учаскелерін енгізе отырып "Gold Mining Corp." жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің геологиялық бөлу шекарасы шегінде меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан жер телімдерін алып қоюсыз 2020 жылдың 18 наурызы мерзіміне дейін ауданы 131 га жер теліміне "Пайдалы қазбаларды барлау бойынша операцияларды жүргізу үшін "Gold Mining Corp." жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут орнатылсын.";

көрсетілген шешімнің 3 – тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алтай қаласының әкімі*

*К. Передельский*